

Тиісті қаржы жылға аудан бюджетінің жобасын құрастыру, бюджеттің орындалуы жөніндегі аудандық комиссия туралы

Күшін жойған

Қорғалжын ауданы әкімінің 2003 жылғы 13 қаңтардағы N 2 қаулысы. Ақмола облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 27 ақпанда N 1578 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімдігінің 2005 жылғы 3 ақпандағы № 14 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімдігінің 2005.02.03 № 14 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі N 357-1 "Бюджет жүйесі туралы" заңының 18-1 бабына және Қазақстан Үкіметінің 2001 жылғы 10 қыркүйектегі № 1169 санды "Республикалық және жергілікті бюджеттерді дайындау Ережесін бекіту жөніндегі" қаулысына сәйкес аудан әкімдігі қаулы етті :

1. Тиісті қаржы жылға аудан бюджетінің жобасын құрастыру, бюджетті орындалуы жөніндегі аудандық комиссия құрылсын, 1-ші қосымша сәйкес.

2. Тиісті қаржы жылға аудан бюджетінің жобасын құрастыру, бюджетті орындалуы жөніндегі аудандық комиссия туралы Ереже бекітілсін, 2-ші қ о с ы м ш а ғ а с ә й к е с .

3. Осы қаулы облыстық әділет басқармасында тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

Аудан әкімі

1	қ о с ы м ш а	Б е к і т і л г е н
Қорғалжын	ауданы	әкімдігінің
2003	жылғы	13 қаңтардағы
N 1 қаулысымен		

Тиісті қаржы жылға аудан бюджетінің жобасын құрастыру, Бюджеттің орындалуы жөніндегі комиссия құрамы

Смағұлов Марат Қаулешұлы - аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы

Ахметов Серік Әбдәқалықұлы - қаржы бөлімі меңгерушісі, комиссия төрағасының орынбасары

Рысбаева Бақыт Қанжығалымқызы - қаржы бөлімі меңгерушісінің орынбасары, комиссия хатшысы

Комиссия мүшелері

Даңғылов Рамазан Ысқақұлы - аудандық қазыналық бөлімнің бастығы
(келісім бойынша)
Ахметова Үміт Сартайқызы - санитарлық эпидемиологиялық
станцияның бас дәрігері, аудандық
мәслихаттың тексеру комиссиясының
төрайымы (келісім бойынша)
Ахметов Қабиден Абсағиұлы - экономика бөлімінің бастығы
Жұрқаев Жанат Избасарұлы - салық комитетінің төрағасы
міндетін атқарушы (келісім бойынша)

2 қ о с ы м ш а Б е к і т і л г е н
Қ о р ғ а л ж ы н а у д а н ы ә к і м д і г і н і н
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 1 3 қ а н т а р д а ғы
N 1 қаулысымен

Тиісті қаржы жылға аудан бюджетінің жобасын құрастыру, бюджеттің орындалуы жөніндегі комиссия туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже тиісті қаржы жылға аудан бюджетінің жобасын құрастыру, бюджеттің орындалуы жөніндегі комиссияның қызметін ретке келтіреді (әрі қ а р а й - К о м и с с и я) .

2. Комиссияның құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері, Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік-құқықтық актілері, онымен бірге осы Ережелер құрайды.

2. Комиссияның міндеттері

3. Аудан бюджетінің жобасын әзірлеу және 3 жылдық кезеңге аудан бюджетінің болжамды көрсеткішін анықтау, тиісті қаржы жылына аудан бюджетінің жобасын дайындау және аудан бюджетінің атқарылуын жүзеге асыру комиссияның негізгі міндеттері болып табылады. Аудан әкімдігімен белгіленген басқа да мәселелерді шешеді.

3. Комиссияны қызметтері

4. Комиссия заңдылықтармен белгіленген тәртіп бойынша жүктелген атқарымдық міндеттеріне сәйкес келесі міндеттерді атқарады:

1) Комиссияның жұмысшы органымен дайындалған материалдарды қарап,
а н ы қ т а й д ы ;

алдағы 3 жылдық кезеңге арналған аудан бюджетінің болжамды
к ө р с е т к і ш т е р і н ;

ағымдағы жылда жүзеге асырылудағы жобаларды есепке ала отырып, аудан
бюджеті шығысының лимиті енгізілген, оның ішінде инвестициялық жобалар
бойынша да аудан бюджетінің болжамды көрсеткіштерін;

ағымдағы жылда жүзеге асырылудағы жобаларды есепке алғандағы 3
жылдық кезеңге арналған инвестициялық жобаларды жергілікті бюджеттен
қаржыландырудың көлемдері мен тізбесін;

жоспарланған қаржы жылында аудан бюджетінен қаржыландырылатын
мемлекеттік мекемелердің ағымдағы қаржы жылының басында қалыптасқан
бюджеттік бағдарламалар бойынша несиегерлік берешектерінің өтелу көлемін;

алдағы 3 жылда аудандық бюджет қаражатының шығынының басым;
б а ғ ы т ы н ы ң т і з б е с і н ;

алдағы қаржы жылы алынып тастауға жатпайтын аудандық бюджеттік
б а ғ д а р л а м а л а р т і з і м і н ;

2) осы пункттің 1 тармақшасында көрсетілген аудан бюджетінің болжамдық
көрсеткіштерін есепке алғанда, алдағы үш жылға арналған аудан бюджетінің
келесі болжамдық көрсеткіштерін қарайды және айқындайды;

аудандық бюджетке топталуы бойынша түсуін;

аудандық бюджеттің тапшылығын;

аудандық бюджеттік бағдарламалар әкімшілігі мөлшерінде аудандық
бюджеттің таратылатын шығын және несиелеу лимиттерін;

жергілікті бюджеттердің келісімге берілген болжамдық көрсеткіштері
бойынша комиссияның жұмысшы органы және аудан әкімінің арасындағы
келіспеушілікті реттеу бойынша шешім қабылдайды;

аудандық бюджетті бағдарламалар әкімшіліктері аудандық бюджеттің
жобасына енгізу үшін ұсынған, белгіленген үлгіде дайындалған бюджеттік
бағдарламалар негіздері бойынша шешім енгізеді;

алдағы қаржы жылына арналған аудандық бюджет жобасының болжамдық
к ө р с е т к і ш т е р і н а й қ ы н д а й д ы ;

аудандық бюджетке түсетін қаражат көлемін, аудандық бюджеттің»
бюджеттік бағдарламалар мөлшерінде, аудандық бюджеттік бағдарламалар
бойынша, шығыс және несиелеу көлемін;

аудандық бюджет тапшылығы мөлшерін;

ауданның жергілікті атқарушы органының тиісті қаржы жылының соңындағы
б о р ы ш ы н ы ң л и м и т і н ;

6) осы пунктті 5 тармақшасында көрсетілген облыстық бюджет

көрсеткіштерінің негізінде Комиссияның жұмысшы органы алдағы қаржы жылына арналған аудандық бюджеттің жобасын жергілікті өкілетті органдарға қарауға енгізу туралы ұсынысты әзірлейді;

7) аудандық бағдарламалар, аудан дамуының экономикалық және әлеуметтік бағдарламалары бойынша бюджетті анықтау; бюджеттік бағдарламаларды төлқұжатын және бюджеттік бағдарламаларды жүзеге асырылу қорытындысы туралы ақпаратты негізінде бюджеттік бағдарламалардың одан әрі таратылуын анықтау бойынша ұсыныстарды қарайды және дайындайды;

8) өз құзыретінің шегінде Комиссияның жұмысшы органы енгізген басқа да мәселелерді қарайды.

4. Комиссияның құқықтары

5. Өз міндеттеріне сәйкес Комиссия:

1) жергілікті атқарушы органдармен және басқа да аудандық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауға, сондай-ақ комиссияның міндеттерін жүзеге асыру үшін жұмысқа мамандармен сарапшыларды тартуға;

2) өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға және ұсыныстар енгізуге;

3) Комиссия міндеттерін жүзеге асыру үшін, заңмен белгіленген тәртіпте қажетті материалдарды аудандық және басқа ұйымдардан сұратуға және алуға;

4) Аудандық жергілікті атқару органдарын, бірінші басшыларын, ал олар болмаған жағдайда аудандық органдардың және ұйымдардың бірінші басшыларының міндетін атқарушыларды комиссия міндетін жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша Комиссия мәжілісіне шақыруға және тыңдауға, сондай-ақ қаржы бақылау органдарының тексеру материалдарының қорытындысы бойынша бюджеттік бағдарламаларды жүзеге асырылуы үдерісінде бюджеттік қаражатты мақсатты пайдалануға құқылы

5. Комиссияның қалыптасу және қызмет тәртібі

6. Комиссия құрамын аудан әкімдігі құрайды

Комиссия құрамына мыналар кіреді:

Аудандық мәслихаттың мүшелері;

Аудандық ұйымдардың бірінші басшылары және (немесе) олардың орынбасарлары.

Қажет болған жағдайда Комиссия құрамына басқа тұлғалар да енгізілуі мүмкін.

7. Комиссия органдары:

- 1) Ж ұ м ы с ш ы о р г а н ;
- 2) К о м и с с и я т ө р а ғ а с ы ;
- 3) К о м и с с и я т ө р а ғ а с ы н ы о р ы н б а с а р ы ;
- 4) Х а т ш ы .

8. Комиссия мәжілістерінің аралығы кезінде оның қызметінің ұйымдастырушылық жұмыстары бойынша мәселелерді Комиссия жұмысшы о р г а н ы ш е ш е д і .

9. Комиссия төрағасы оның қызметіне басшылық етеді, Комиссия мәжілістерінде төрағалық етеді оның жұмыстарын жоспарлайды, оның шешімдерінің жүзеге асырылуына жалпы бақылау жасауды жүзеге асырады және комиссияның жүзеге асырылып жатқан қызметтері үшін жауапкершілік көтереді.

Комиссия төрағасы болмаған жағдайда оның қызметін төрағасы тағайындаған о р ы н б а с а р а т қ а р а д ы .

10. Комиссия хатшысы комиссия мәжілісінің күн тәртібі бойынша ұсыныстар , қажетті құжаттар, материалдарды дайындайды және ол өткізілгеннен кейін х а т т а м а с ы н р ә с і м д е й д і .

11. Жұмыстың жоспар-кестесін Комиссия, Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен Республикалық және жергілікті бюджеттердің жобасын әзірлеу Ережелері айқындаған мерзімдер бойынша белгілейді.

12. Комиссия мүшелерінің»өзінің мәжілістеріне қатысу өкілеттігін басқа т ұ л ғ а л а р ғ а б е р у г е қ ұ қ ы ж о қ .

13. Комиссияның шешімдері ашық дауыс берумен, сондай-ақ Комиссия мүшелерінің пікірлерін сұрау жолымен қабылданады және ол үшін Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берген жағдайда ғана қабылданды д е п е с е п т е л е д і .

Комиссия мүшелері шешім қабылдауда тең дауысқа ие.

Тең дауыс берілген жағдайда Комиссия төрағасы дауыс берген шешім қ а б ы л д а н д ы д е п е с е п т е л е д і .

14. Комиссия мәжілісінің күн тәртібінде қаралған мәселелердің қаралған қорытындылары әр мәселе бойынша дауыс беру қорытындысы көрсетіліп тиісті хаттамаларға енгізіледі және Комиссия төрағасы айқындаған жағдайда мәжіліске қатысқан комиссия мүшелері қол қояды.

Комиссия қабылдаған шешімдер Комиссия төрағасы және хатшысының қолы қойылатын хаттамамен рәсімделеді.

Комиссия мүшелерінің қабылдаған шешімімен келіспеген жағдайда өзінің ерекше пікірін жазбаша түрде мазмұндауға құқығы бар, ол мәжіліс хаттамасына т і р к е л е д і .

15. Өзіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатымен қабылданған Комиссия шешімдері барлық мемлекеттік органдардың көрсетілген уақытта міндетті түрде

қарауына және орындауына жатады.

16. Комиссияның жұмысшы органының қызметі әкім аудандық бюджет қаржысын басқаруға уәкілеттілік берген және бекітілген аудандық бюджетті әзірлеу, қарау, бекіту, орындау және бақылау тәртібіне сәйкес қызмет ететін-жергілікті уәкілетті орган, аудандық қаржы бөліміне жүктеледі.

17. Жұмысшы органның қызметі материалдарды Комиссия айқындаған мерзіміне және күн тәртібіне сәйкес мәжіліске дайындау, оларды Комиссия мүшелеріне, аудандық бағдарламалар мен атқарушы органдардың әкімшіліктеріне жіберу, Комиссия мәжілісінің хаттамасын дайындау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен Республикалық және жергілікті бюджет жобаларын әзірлеу Ережелерінен туындайтын басқа да қызметтер болып табылады.